

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Замана

ЖАРИЯЛАНДЫ
08.12.2023СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/147764/>

Мені ашындырады,

Заман емес, кей адамның пейілі

Тарылғандай, сол ғой, бәлкім қиыны.

Қазіргі адам қызығады дүниеге, ақшаға,

Құндылықты ауыстырады басқаға.

Иә, рас, ақша бәрін билеген,

Құндылықтар алыс кетті бізді алға сүйреген.

Атақ қуу, дүние жинау, билеп-төстеу арманы,

Жалған емес, сүйді адамзат сауданы.

Мағжан ақын айтып еді: «Мен жастарға сенемін!»

Айтшы неге бәрі өзгерді?

Қабағыңда неге мұң?

Бір-ақ сәтте кетпейміз бе құлтемірге айналып,

Заман желі бара жатыр мына бізді қайда алып?!

Бұл нешінші өркениет, іздегенің қайда сонда, асылы,

Қай жаққа алып бара жатыр технология ғасыры?!

Ажырата білу керек қымбаты мен арзанын,

Адамдық пен ар сақтау ғой, сонда

Алланың ақ жолы.

№49 «Сырдария» орта мектебі КММ. Айтжанбай Нұртілеу

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.